

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық Банкі  
Төрағасының  
2015 жылғы 26 наурыздағы №138  
бұйрығымен бекітілген

**Жеке тұлғалардың қолма-қол шетел валютасымен жүргізген  
төлем балансында жіктелмеген операциялары көлемінің өзгеруін  
бағалау әдістемесі**

**Алматы 2015**

## **Кіріспе**

Осы Жеке тұлғалардың қолма-қол шетел валютасымен жүргізген төлем балансында жіктелмеген операциялары көлемінің өзгеруін бағалау әдістемесі төлем балансының статистикасын жетілдіру және оның халықаралық стандарттарға сәйкестігін қамтамасыз ету мақсатында «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы және «Мемлекеттік статистика туралы» 2010 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес әзірленді.

**МАЗМҰНЫ**

1. Жалпы ережелер
2. Қолма-қол шетел валютасының таза әкетілу көлемін есептеу
3. Жеке тұлғалардың қолма-қол шетел валютасымен жүргізген төлем балансында жіктелмеген операциялары көлемінің өзгеруін есептеу
4. Пайдаланылған әдебиет тізімі

## 1. Жалпы ережелер

1. Жеке тұлғалардың қолма-қол шетел валютасымен жүргізген төлем балансында жіктелмеген операциялары көлемінің өзгеруін бағалау әдістемесін (бұдан әрі – Әдістеме) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан Республикасының төлем балансын құрастыруға жауапты бөлімшесі пайдаланады.

2. Әдістеме төлем балансының «Таза қателер мен қалып қойғандар» бабының мөлшерін төлем балансының баптарында есепке алынбаған жеке тұлғалардың қолма-қол шетел валютасымен жүргізген операцияларының (бұдан әрі – жіктелмеген операциялар) көлемін бағалау арқылы қысқартуға бағытталған.

3. Әдістеме мақсаттары үшін мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) банктер – Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктері, «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ, Ұлттық почта операторы;

2) қолма-қол шетел валютасы (бұдан әрі – ҚШВ) – шет мемлекеттер заңды төлем құралы ретінде қабылдаған банкноттар, қазынашылық билеттері және монеталар түріндегі ақша бірліктері;

3) қолма-қол шетел валютасының таза әкетілуі (бұдан әрі – ҚШВТӘ) – жеке тұлғалардың банктерден алған қолма-қол шетел валютасының таза көлемі.

4. Соңғы бірнеше жылдар бойы Қазақстан Республикасының төлем балансында «Таза қателер мен қалып қойғандар» бабының үлкен теріс мөлшері сақталуда. Осы баптың теріс мәні:

1) ағымдағы операциялар және капиталмен операциялар шоттары бойынша кредиттік айналымдардың шамасын тым арттыруға; және (немесе)

2) ағымдағы операциялар және капиталмен операциялар шоттары бойынша дебеттік айналымдардың шамасын тым кемітуге; және (немесе)

3) қаржы шотындағы активтерді таза сатып алу шамасын тым кемітуге; және (немесе)

4) қаржы шотындағы міндеттемелерді таза қабылдау шамасын тым арттыруға деген жалпы үрдіс туралы куәландырады.

Қаржы шотындағы активтерді таза сатып алу шамасын тым кеміту капиталдың тіркелмеген әкетілуін және (немесе) жеке тұлғалардың ҚШВ-ны жіктелмеген жинақтауын білдіреді.

## 2. Қолма-қол шетел валютасының таза әкетілу көлемін есептеу

5. ҚШВТӘ көлемін есептеу Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының міндетін атқарушының 2010 жылғы 21 желтоқсандағы № 351 бұйрығымен бекітілген, «Қолма-қол шетел валютасының қозғалысы туралы есеп» (коды 7441201, индексі 16-ТБ, мерзімділігі ай сайын) атты ведомстволық

статистикалық байқау бойынша статистикалық №16-ТБ нысаны бойынша (бұдан әрі – №16-ТБ нысаны бойынша есеп) алынған бастапқы статистикалық деректер негізінде жүргізіледі. №16-ТБ нысаны бойынша есепті ай сайын банктер ұсынады.

6. ҚШВТӘ көрсеткішінің мәні жеке тұлғалардың банктерден алған ҚШВ-ның мөлшері мен банктерге жеке тұлғалардан түскен ҚШВ-ның мөлшерінің айырмасы ретінде анықталады.

$$\text{ҚШВТӘ} = \text{ҚШВА} - \text{ҚШВТ}$$

мұндағы

ҚШВТӘ – жеке тұлғаларға банктерден ҚШВ-ның таза әкетілуі,

ҚШВА – жеке тұлғалардың банктерден ҚШВ алуы,

ҚШВТ – жеке тұлғалардан банктерге ҚШВ-ның түсуі.

7. Жеке тұлғалардың банктерден ҚШВ алуы №16-ТБ нысаны бойынша есептің мынадай көрсеткіштерінен тұрады:

жеке тұлғаларға банктің айырбастау пункттері арқылы сатылғаны;

жеке тұлғаларға валюталық шоттардан берілгені;

жеке тұлғаларға шот ашпай-ақ біржолғы аударым бойынша берілгені.

8. Жеке тұлғалардан банктерге ҚШВ-ның түсуі №16-ТБ нысаны бойынша есептің мынадай көрсеткіштерінен тұрады:

жеке тұлғалардан банктің айырбастау пункттері арқылы сатып алынғаны;

жеке тұлғалардан валюталық шоттарға қабылданғаны;

жеке тұлғалардан шот ашпай-ақ біржолғы аударым үшін қабылданғаны.

### **3. Жеке тұлғалардың қолма-қол валютасымен жүргізген төлем балансында жіктелмеген операциялар көлемінің өзгеруін есептеу**

9. Жеке тұлғалардың ҚШВ-мен жүргізген төлем балансында жіктелмеген операциялар көлемінің өзгеруін есептеу үшін жеке тұлғалардың төлем балансында жіктелген операцияларының көлемі пайдаланылады.

$$\text{ЖТЖОТК} = \text{ҚШВӘкелуО} - \text{ҚШВӘкетуО}$$

мұндағы

ЖТЖОТК – ҚШВ-ын әкелу және әкетуге байланысты жеке тұлғалардың төлем балансында жіктелген операцияларының таза көлемі,

ҚШВӘкелуО – ҚШВ-ын әкелуге байланысты жеке тұлғалардың операциялары,

ҚШВӘкетуО – ҚШВ-ын әкетуге байланысты жеке тұлғалардың операциялары.

10. ҚШВ-ын әкелу және әкетуге байланысты жеке тұлғалардың төлем балансында жіктелген операциялары:

сыртқы және өзара сауданың ресми статистикасында тіркелмеген жеке тұлғалардың тауарлар экспорты мен импорты;

денсаулық жағдайына байланысты және білім алу мақсатындағы сапарларды қоспағанда, жеке тұлғалардың сапарларға шығыстары;

тіркелмеген еңбек мигранттарының еңбекақысы болып табылады.

Жеке тұлғалардың ҚШВ-ын әкелуге байланысты операциялары төлем балансында жіктелген операциялар бойынша кредиттік жазбалардың сомасы ретінде анықталады.

Жеке тұлғалардың ҚШВ-ын әкетуге байланысты операциялары төлем балансында жіктелген операциялар бойынша дебеттік жазбалардың сомасы ретінде анықталады.

11. Жеке тұлғалардың ҚШВ-мен жүргізген төлем балансында жіктелмеген операциялары көлемінің өзгеруі төмендегідей анықталады:

$$\text{ЖТЖОКӨ} = \text{ҚШВТА} + \text{ЖТЖОТК}$$

мұндағы

ЖТЖОКӨ – жеке тұлғалардың ҚШВ-мен жүргізген төлем балансында жіктелмеген операциялар көлемінің өзгеруі.

12. Жеке тұлғалардың ҚШВ-мен жүргізген төлем балансында жіктелмеген операциялары көлемінің өзгеруін есептеу тоқсан сайын миллион АҚШ долларында жасалады.

13. Әдістеме бойынша есептелген жеке тұлғалардың ҚШВ-мен жүргізген төлем балансында жіктелмеген операциялары көлемінің өзгеруі төлем балансының қаржы шотының «Басқа инвестициялар. Басқа талаптар» бабының «Басқа секторлар» кіші бабында көрсетіледі.

14. Әдістеме 2005 жылдың 1-тоқсанынан бастап деректерді есептеу үшін қолданылады.

#### 4. Пайдаланылған әдебиет тізімі

1. Халықаралық Валюта Қоры (ХВҚ) дайындаған Төлем балансы және халықаралық инвестициялық позиция жөніндегі нұсқау, алтыншы басылым, 2009 жыл.

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының 2012 жылғы 29 желтоқсандағы № 408 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің сыртқы экономикалық қызметінің шоттарын (сыртқы сектор статистикасын) қалыптастыру әдістемесі.